

2024 жылдың үшінші тоқсанына арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін бекіту туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 27 маусымдағы № 154 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27, 37-баптарына, "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) бекітілген Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларының 7-тармағына сәйкес Атырау облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2024 жылдың үшінші тоқсанына арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Шәпкенов

Атырау облысы әкімдігінің
2024 жылғы "27" маусымдағы
№ 154 қаулысына қосымша

2024 жылдың үшінші тоқсанына арналған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндері

№ п/п	Тауар атауы	Бағасы, теңге
1	Бірінші сортты бидай ұны, килограмм	257
2	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді), килограмм	285
3	Рожки (өлшеніп салынатын), килограмм	475
4	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын), килограмм	478

5	Тазартылған күріш (домалақ дәнді , өлшеніп салынатын), килограмм	690
6	Картоп, килограмм	251
7	Асханалық сәбіз, килограмм	244
8	Басты пияз, килограмм	159
9	Ақ қауданды қырыққабат, килограмм	159
10	Ақ қант - құмшекер, килограмм	593
11	Күнбағыс майы, литр	741
12	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі), килограмм	3137
13	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік), килограмм	1512
14	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5%, толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ), килограмм	5560
15	Тауық жұмыртқасы (I санатты), ондық	657
16	Ас тұзы ("Экстра" - дан басқа), килограмм	117
17	Сүзбе: майлылығы 5 – 9%, килограмм	2670